

**Әкімдіктің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 183 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 336 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 тамызда № 4998 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 482 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 16.11.2015 № 482 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 133 бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 183 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4784 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

7-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір іс-қимылдың (рәсімнің) өту блок-схемасы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген." ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.";  
осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын;  
жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының  
аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша  
анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:  
мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы  
регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген.";  
осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;  
жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын  
беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:  
мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы  
регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген.";  
осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*Н. Садуақасов*

Қостанай облысы әкімдігінің

2014 жылғы 14 шілдедегі

№ 336 қаулысына

1-қосымша

"Тіреу және қоршау конструкцияларын,  
инженерлік жүйелер мен жабдықтарды  
өзгертуге байланысты емес

қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын  
(жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға


(қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға)

шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін

қызмет регламентіне

2-қосымша

**"Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



## Шартты белгілер



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Қостанай облысы әкімдігінің

2014 жылғы 14 шілдедегі

№ 336 қаулысына


2-қосымша

"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне





3-қосымша

**"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**





## Шартты белгілер

	<p>мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы</p>
	<p>көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы</p>
	<p>таңдау нұсқасы</p>
	<p>келесі рәсімге (іс-қимылға) өту</p>

